

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз ету тетігін құруға негізгі тәсілдемелер туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 14 Өкімі

Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2016 жылғы 20 мамырдағы № 8 өкімін орындау мақсатында:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде Тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз ету тетігін белгілеу туралы келісім жобасында (бұдан әрі – Келісім жобасы, қоса беріледі) ұсынылған ұстанымдар назарға алынсын.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше мемлекеттердің үкіметтерінен және Еуразиялық экономикалық комиссиядан (бұдан әрі – Комиссия) 2016 жылғы 1 қазанға дейін мыналарды негізге ала отырып, Келісім жобасын пысықтау сұралсын:

2.1. Келісім жобасын дайындау мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

а) "тауарлар" - ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне сәйкес Одақтың кедендік аумағына әкелінетін және шығарылатын мүлік;

б) "тауарлардың айналымы" - Одақтың кедендік аумағына тауарлар әкелу және оларды Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында өткізу;

в) "бақыланушылық" - тауарлардың бақыланушылығын бақылау мақсатында Келісімде белгіленген талаптарға сәйкес тауарларға қатысты жүзеге асырылатын операцияларды есепке алуды ұйымдастыру ерекшеліктері.

2.2. Тәсілдемелер (қағидаттар) негізінде Келісімде:

а) Одаққа мүше мемлекеттер арасында өзара саудада алып өтілетін тауарлар айналымының заңдылығын растау;

б) тұлғалардың кедендік және салық төлемдерін төлеуден жалтарудың түрлі схемаларын пайдалануын болдырмайтын жағдай жасау.

2.3. Бақылаушылық тауарлық партияны құжатпен сәйкестендірің есебінен, сондай-ақ Комиссия Кеңесі белгілеген – тауарда не оның орауында ерекше сәйкестендіруші белгілер қолдану есебінен қамтамасыз етіледі.

2.4. Тауарлар бақылаушылығының тетігі Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарларды қамтиды. Одаққа мүше мемлекеттердің аумағында өндірілген тауарлар бақылануға жатпайды.

2.5. Әкелінетін тауарларға қатысты Келісім ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіммен тауарларды орналастырғаннан кейін туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

2.6. Армения Республикасынан тауарлар әкелетін кезде тауарлардың бақыланушылығын жалғастыру үшін Одаққа мүше басқа мемлекеттерге қажетті мәліметтерді беру Армения Республикасының кеден органдарының мұндай мәліметтерді транзиттік декларацияға беруі арқылы жүзеге асырылады.

2.7. Тараптар Келісімді іске асыру мақсатында тауарды ілеспе құжаттарын және (немесе) электрондық нысанда тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз етудің басқа да құралдарын (мысалы, электрондық шот-фактуралар) міндетті ресімдеуді енгізуді қамтамасыз етуге тиіс.

2.8. Одаққа мүше әртүрлі мемлекеттер тауарларының бақыланушылығын қамтамасыз етудің ұлттық жүйелерінің арасында ақпаратпен алмасу Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

2.9. Ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде аумағына тауарлар әкелінетін Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы аумағынан мұндай тауарлар шығарылатын Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органынан онлайн режимде мәміле туралы ақпарат алады, соның негізінде тауарлар Одаққа мүше бір мемлекеттің аумағынан Одаққа мүше екінші мемлекеттің аумағына алып өтіледі.

Аумағынан бақыланатын тауарлар шығарылатын Одаққа мүше мемлекеттің аумағында жасалған алдыңғы мәмілелер туралы ақпарат жеке сұрау салу бойынша аумағына мұндай тауарлар әкелінетін Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органынан электронды түрде жіберіледі.

2.10. Одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері тауарлардың бақыланушылығына қажетті мәліметтерді жіберу үшін жауапты уәкілетті органды айқындайды.

2.11. Әкелінген және Одақтың кедендік аумағындағы барлық тауарлар Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз ету тетігін белгілеу туралы келісім күшіне енген күні Келісімде белгіленген тәртіпте және шарттарда айналыс жүйесіне енгізуге жатады.

2.12. Тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз етуге қажетті мәліметтердің түпкілікті тізбесі Келісім мәтінінде айқындалсын.

3. Одаққа мүше мемлекеттер:

3.1. 2018 жылғы 1 ақпаннан бастап айналыс тетігін енгізу бойынша пилоттық жоба жүргізуге кірісу ниеті атап өтілсін.

Пилоттық жоба Комиссия Кеңесі айқындаған тізбеге сәйкес тауарлық позициялардың шектеулі санына (Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасы (бұдан әрі – СЭҚ ТН) бойынша кемінде 4 белгі деңгейінде) қолданылады.

3.2. Комиссия Кеңесінің шешіміне сәйкес 2018 жылдың ішінде пилоттық жобаны жүргізу нәтижелерін негізге ала отырып, тұрақты негізде Тауарлар бақылаушылығының тетігін пайдалануға кіріссін.

СЭҚ ТН кодтары көрсетілген, тұрақты негізде бақылауға жататын Тауарлар тізбесін Комиссия Кеңесі айқындайды.

3. Осы өкім Еуразиялық экономикалық одақтың "Интернет" ақпараттық телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан
				Жоба

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз ету тетігін белгілеу туралы КЕЛІСІМ

Тауарлар айналысының бақыланушылығын қадағалауды қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері (бұдан әрі – Тараптар) төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"тауарлардың айналымы" - ЕАЭО-ға мүше кедендік аумағына тауарлар әкелу, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында тауарларды сақтау, тасымалдау, өткізу;

"көтерме сауда" - тауарларды кәсіпкерлік қызметте пайдалану (оның ішінде қайта өткізу) үшін немесе жеке, отбасылық, үйде немесе өзге де ұқсас пайдалануға байланысты емес өзге де мақсаттарда оларды сатып алуға немесе өткізуге байланысты сауда қызметінің түрі;

"бақылаушылық" - тауарлардың импортынан бастап, тауарлар айналысының барлық кезеңдерінде тауарлардың қозғалысын құжат түрінде есепке алу және бақылау;

"бөлшек сауда" - тауарларды кәсіпкерлік қызметте пайдалану (оның ішінде қайта өткізу) үшін немесе жеке, отбасылық, үйде немесе өзге де ұқсас пайдалануға байланысты өзге де мақсаттарда оларды сатып алуға немесе өткізуге байланысты сауда қызметінің түрі;

"тауарлар" - ЕАЭО-ға мүше кедендік аумағына әкелінген және "ішкі тұтыну үшін шығару" кедендік рәсімі бойынша шығарылған мүлік.

2-бап

1. Осы Келісім ЕАЭО-ға мүше-ға мүше мемлекеттерде тауарлар айналымының бақыланушылық тетігін қалыптастыру және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті (уәкілетті) органдарының арасында өзара ақпаратпен алмасу тәртібін айқындайды.

2. Осы Келісім бөлшек сауданы қоспағанда, тауарлардың бақылануына байланысты құқықтық қатынастарға қолданылады.

3-бап

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі тауарлар тізбесін (бұдан әрі – Тізбе) және олардың бақылаушылығын жүргізу кезеңдерін бекітеді.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Тізбені бекіту туралы шешімі мұндай шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 60 күн өткеннен кейін күшіне енеді. Тізбеден тауарды алып тастау туралы шешім Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 16-тармағында көзделген тәртіпте күшіне енеді.

4-бап

1. Тауарлар айналымы бақыланушылығының тетігі осы Келісімнің 3-бабының 1-тармағына сәйкес тауарлардың бақыланушылығын енгізу мерзімдеріне сәйкес Тізбеге енгізілген тауарларға қатысты қолданылады.

2. Тауарлар айналымы бақыланушылығының тетігін қолдану:

Тізбеге енгізілген, ЕАЭО-ға мүше-ға мүше мемлекеттің аумағына әкелінген және ЕАЭО-ға мүше осы мемлекеттің аумағында өндіру (қайта өңдеу) үшін пайдаланылған тауарлар бойынша – оларды өндірісте (қайта өңдеуде) пайдаланған кезден бастап;

форс-мажорлық жағдайларға байланысты жоғалған, жойылған тауарлар бойынша – мұндай жоғалу, жойылу кезінен бастап тоқтатылады.

5-бап

1. Тауарлар айналымы бақыланушылығының тетігі тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз етудің ұлттық жүйелеріндегі тауарлардың айналымы туралы мәліметтерге негізделеді және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдарының арасында өзара ақпаратпен алмасу арқылы өткізіледі.

2. Тауарлардың бақыланушылығын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесі:

ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне орналастырылған тауарлардың декларацияларынан;

электрондық шот-фактуралардан және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген өзге де құжаттардан;

ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің ұлттық жүйелерінен алынған құжаттардан алынған мәліметтерді жинау, есепке алу, бақылау және талдау арқылы іске асырылады.

3. Тараптар:

тауарды өткізетін және сатып алатын салық төлеушінің атауын;

салық төлеушінің сәйкестендіру кодын (нөмірін);

электрондық шот-фактураларды және (немесе) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасында көзделген құжаттарды тіркеу нөмірі мен жазу күнін;

тауарларға арналған декларацияларда көрсетілген СЭҚ ТН кодын;

тауарлардың атауын;

тауарларға арналған декларацияларда көрсетілген тауарлардың реттік нөмірін;

сан (көлем) өлшеу бірлігін көрсете отырып, тауарлардың санын (көлемін);

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағында тауарларды белгілеу пунктін қоса алғанда, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық жүйелерінде қамтылған мәліметтермен алмасады.

Мәліметтер, алмасу мерзімдері мен тәртібі Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімімен бекітіледі.

6-бап

1. ЕАЭО-ға мүше бір мемлекеттің аумағына ЕАЭО-ға мүше екінші мемлекеттің аумағынан тауарларды әкелетін (шығаратын) кезде Тараптардың құзыретті (уәкілетті) органдары тауарларды осындай әкелу (шығару) бойынша ресімделген құжаттардың негізінде осы Келісімнің 5-бабының 3-тармағында көзделген мәліметтермен алмасуды жүзеге асырады.

2. ЕАЭО-ның екіден артық мүше мемлекетінің салық төлеушілері көпжақты мәлімелерді жүзеге асырған кезде осы Келісімнің 5-бабының 3-тармағында көзделген мәліметтермен алмасу ЕАЭО-ға мүше осы мемлекеттердің құзыретті (уәкілетті) органдары арасында жүзеге асырылады.

3. Осы мемлекеттің салық төлеушісі қатысушысы болып табылмайтын мәмілелер бойынша ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағы арқылы тауарларды алып өту кезінде осы Келісімнің 5-бабының 3-тармағында көзделген мәліметтер де осы мемлекеттің құзыретті (уәкілетті) органына беріледі.

4. Осы тармақтың ережелері әуе көлігімен тасымалдауға қолданылмайды.

7-бап

Құзыретті (уәкілетті) органдар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында айқындалған тәртіпте Тізбеге енгізілген тауарлардың айналымын бақылауды қамтамасыз етеді.

8-бап

ЕАЭО-ға мүше мүше кез келген мемлекеттің бастамасы және өзара уағдаластық бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Хаттамалар осы Келісімнің 9-бабына сәйкес күшіне енеді.

9-бап

Осы Келісім депозитарий дипломатиялық арналар арқылы ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің осы Келісімнің күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді.

20_ жылғы "___" _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің төлнұсқа данасы осы Келісімнің депозитарийі болып табыла отырып, ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей Федерациясы
Республикасы үшін	Республикасы үшін	Республикасы үшін	Республикасы үшін	үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК